

Ж. Ф. Өтеуов

КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ДАРАБОЗЫ

Әр кезеңнің өз үні, өз ерекшелігі, өзіндік бір табиғи көрінісі болатыны хақ. Осы тұжырыммен бағамдап қарасақ сонау XVIII-XIX ғасырлары еліміздің тәуелсіздігін аңсаған батыр бабаларымыз, соның ішінде Исатай-Махамбет көтерілісі еліне егемендік алып беру мақсатында түрлі қиындықтарды бастан өткеріп, халқының еңсесін көтеріп, көптеген термелер, өлеңдер жазып, өткен оқиғаларға байланысты күйлер шығарған. От ауызды, адулы күйші Махамбет бабамыз ұрысқа аттанар кезде күй атасы Құрманғазыны әлі кішкентайсың деп ілестірмеген, кейіннен Құрманғазы бабамыз "Кішкентай" атты күйін осы оқиғаға байланысты арнап шығарған делінген.

Төкпе күйдің атасы Құрманғазы бабамыз, рухани мол мұраны келешек ұрпаққа жеткізуді аманаттап, сүйікті шәкірті Динаға батасын беріп домбырасын сыйға тартып, сонымен бірге өз жадынан күй шығаруға жол сілтеген. Нарын құмының Бекетай атты жерінде дүниеге келген күй анасы Дина әжемізге биыл 150 жыл толып отыр. Қазақтың кең байтақ даласының осы бір алақандай жерінде небір тарлан музыканттар дүние есігін ашқан. Соның ішінде Нарында, қазіргі Жаңақала өлкесінде қазақтың күй өнерін шартарапқа паш еткен өнер адамдары: Махамбет Өтемісұлы, Ұзақ, Құрманғазы Сағырбайұлы, Мәмен, Оқап Қабиғожин, Қали Жантілеуов, Жүмекен Нәжімеденов, (тесік тамақ) Мұқатов Сабыр, Досалы Дәулетов, Дүйсенбі Ержанов, Ихсан Мұқанов, Мәменнің тікелей ұрпақтары ағайынды Нұғман және Өтеқай Қойбағаровтар, Рашид және Шамғон Қажығалиевтер, Тұякберді Шәмелов, Қален Құлымжанов, Әнес Тәшпенев, Салиха, Балғын, Күріш Қалиева тағы басқа секілді дарабоз күйшілер өмірге келген күй анасы Дина Кенжеқызы әжеміздің өмірі мен өнері осы өңірден басталып шығармашылық жолында, өзіндік айырықша із қалдырған.

Дина әжемізді елінде жүрген жерінен, сол кездегі астанамыз Алматы қаласына алдырып, ұстазы Құрманғазыдан аманат қылып алған күйлерін нотаға жаздырып әлемге танылуына маңдай терін төгіп еңбек еткен өнер зерттеушісі, академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов болатын. 76 жасқа келіп, үлкен сахнаның төрінде күй тарту шексіз бақыт емес пе.

Дина әжеміз туралы Ахмет Жұбановтың өз еңбегінде: "Бұл сияқты бақытпен бетпе-бет кез-

дескенде қалайша қуаныш құшағына енбесін. Бүгін ол өз өмірінде шығармашылығының, адамдық өмірінің мерейіне алғаш рет қуанған болар. Ол ойында баяндаушының айтқанын мүлде ұмытқан тәрізді. Лықып кеткен көз жасын шығармауға тырысып, домбыраны ұстаған күйі халыққа тәжім ете орнынан тұрды. Босандықты халыққа көрсетудің орынсыз екенін білетін әйел, бойын биледі, көз жасын шығармады.

Ол осыдан кейін өзі шығарған "Бұлбұл" күйін, соңында Құрманғазының "Төремұратын" тартты. Әйел сахнадан бір жолата шығып кетуге ыңғайланды. Зал ұзақ қол шапалақтап тұрып алды. Сол жолы тыңдаушылар алғаш рет естіген "Ақжелең" күйін тартуға мәжбүр болды. Ол шығыс әйелдерінше қолын қусырып, бірнеше рет шығып сәлем етті. Оның бетінде шексіз бақыт күлкісі ойнады" деген ой айтылған. [1,160]

Халық Дина Нүрпейісованы шебер домбырашы, елімізге кеңінен тараған тамаша күйлердің авторы, күй алыбы ретінде біледі. Күй атасының талантты шәкірті болған ол тоғыз жасында қасиетті қара домбыраның құлақ күйін келтіріп, Құрманғазыдан бата алып, он сегізге толғанша қасында жүріп күй үйренеді. Өнерді енші етер кейінгі ұрпаққа ұлттық музыка, күй өнерін домбырада тартудың тамаша үлгісін қалдырды. Әжеміз ел арасындағы кең таралған басқада талантты күйші-композиторлар: Ұзақ, Ешан, Түркеш, Мәмен, Байжұма, Баламайсан, Салауаткерей, Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, сияқты дәулескер күйшілермен кездесіп, олардан да үлгі өнеге алып, өнерлерін құлаққа сіңіріп, жүрекке тоқи білді. Осындай мықты мектептен өткен шеберлігі шырқау шегіне жеткен Динаның дүйім елге, дүлдүл ретінде танылуы заңды құбылыс болатын. Белгілі домбырашылардың басын қосып, шеберліктерін сынға салуы халқымыздың салтындағы ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Сол кездегі осындай жиындарға үзбей қатысып, өнер сайысына түскен әйелдер арасынан шыққан бірден-бір домбырашы Дина болыпты. Және де осындай көптеген өнер майталмандары қатысқан сайыста оның мерейі қашанда үстем болып отырған. Ол туралы Жаңарған өңір газетінде "-Әр перненің белгілі бір үні бар, орындаушы оны дәл айыра білуі керек. Домбыраны адамша сөйлетіп, күй мазмұнын тыңдаушыға, дұрыс жеткізетін етіп ойнауы керек" – деген екен күйші әжеміз. [2]

Бүгінде Динаның орындаушылық дәстүрі ХХІ ғасырға бұрынғы күйлердің қалпын бұзбай жеткеніне шүкіршілік етеміз. Алғашқы күйлері "Бұлбұл", "Байжұма", "Көген түп" болса, халық арасынан шыққан теңдессіз талант иесі қашанда халықтың қайғы-қуанышын өз шығармашылығына арқау еткен.

Қ.Орынғалидің жинағында: "Дина өзінің бақытты жастығының тілсіз куәсіндей Қарақасқа аттан айырылғанына қайғырып, оған арнап күй шығарады. Күйдің басынан аяғына дейін ерекше жақсы көргендік, жан жылылығы айқын суреттеледі. Бұл шығармадан шебер композитор, кей жерлерде Қарақасқа аттың көсіле шапқанын көрсетсе де, лирикалық нәзік сезімге толы. Мұңсыз жастықтың өткен күндерін еске түсіре, домбырашы өз жанының аясын аша тартқан" делінген. [3, 17]

1916 жылы патша үкіметіне қарсы бас көтерді. Қарапайым халықтың ұлт-азаттық қозғалысына арнап Дина "16 жыл" күйін шығарды. Бұл күйдің әуенінен езілген елдің ашу ызасы, халықтың жаңа заманға деген сенімі анық аңғарылады.

Ұлы Отан атанған екінші дүние жүзілік соғысы ел басына ауыр күн тудырды. Отан мен ана бөлінбейтін бір ұғым. Елге төнген қиындық ана жүрегін тілгіледі. Дина әжеміздің төрт бірдей ұлы, Отанын қорғауға аттанады. "Ана аманаты" күйі осы жағдайға байланысты туған күй.

1945 жылы 9 мамыр күні барлық совет халқымен бірге Дина әжемізде Жеңіс күнін үлкен шаттықпен қарсылады. Совет халқының Ұлы Жеңіске арналған "Жеңіс" күйі осы толқыныс үстінде туған болатын.

Өмірінің соңғы жылдары кезінде шығарған күйлері "Сегізінші март", "Еңбек ері", "Сауыншы", күйлері соғыстан кейінгі жарқын бейбіт өмір қуанышын бейнелейді.

Бір айта кететін жәйт, жуырда Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының орталығында Дина Нүрпейісованың 150 жылдығына арналған республикалық домбырашылар байқауы өтті. Дина Нүрпейісова мектебі бүгінгі таңда жеке дара орындаушылық мектеп болып қалыптасқандығына куә болдық. Оған байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасының төрағасы, Қазақ ұлттық Өнер академиясының профессоры, домбырашы, өнертанушы Айтжан Тоқтаған дәлел ойын төмендегідей түйіндеген еді: "Біз, ең алдымен байқауда Дина әжеміздің күй орындау мәнері мен үлгісін бұзбай тартатын жас орындаушылардың жұлдегерлер қатарынан орын алуына көңіл бөлдік. Әжеміздің күй тарту мен

орындау ерекшелігі өз алдына дербес бір мектеп болып қалыптаса алатыны да анық байқалды. Бұған дейін біз, өнер зерттеушілері Дина Нүрпейісованы Құрманғазы бабамыздың шәкірті ретінде ғана танып келген болсақ, алдағы уақытта бұл өлшем оған тарлық ететіні де белгілі болып отыр. Яғни, ендігі жерде Дина Кенжекызы қазақ күй өнерінің тарихында тек Құрманғазы бабамыздың шәкірті болып қала алмайды. Ол өз алдына мәртебелі бір мектеп, дербес те қайталанбас тұлға ретінде қарастырылмақ. Біз бұған толық негіз бар деп есептейміз. Бүгінгі республикалық домбырашылар байқауы да осы ойымызды шегелей түседі. Тіпті мұндай мектеп қазірдің өзінде қалыптасып үлгергені анық" деді. [4]

Сонымен қатар, Жаңақала өңірінде 150 жылдық аясында күйші Дина туралы өнертанушы Айтжан Тоқтағанның "Тарту-Сәлемдеме" атты кітабының тұсаукесері болды. Осы кітапта әжеміздің "Тарту" күйінің нотасы жазылған. Аталмыш рухани мұра көп жылдан бері мұрағатта шаң басып жатып қалыпты. Бұған дейін бұл күйді ешкім білмеген де, тартпаған. Әйтеуір, сәті түсіп, әжеміздің бұл туындысы өткен жылы шыққан "Қазақтың 1000 күйі" жобасына еңгізілген екен. Автор өзінің "Тарту сәлемдеме" атты кітабына Динаның отыз тоғыз күйінің нотасы дискалық нұсқасымен қоса еңгізген.

Жаңақалалық белгілі өнерпаз, облыс ақыны Аманжол Ғұбайдуллиннің «Дина мен күй» деген балладасындағы:

"Өткізіп күй тартумен ай, жұманы,
Динаның өсе түсті ой-думаны.
Сырласып қыз жүрегі домбырамен,
Шығарды буырқанған "Байжұманы".
Аралап туған елдің ойын-қырын,
Көтеріп күй әуенмен көңіл нұрын.

Көңілдің шалқыған бір шақтарында,
Шығарды сырға толы "Көген түбін"
Оң келіп күйдің бағы ашылады,
Қарт әже күй төгуге асығады.

"Той бастар", "Әсем қоңыр", "Жеңістері"

Алғыстың шашуындай шашырады", [5]-деген жолдары да күйші әжеміздің шығармашылығы мен шеберлігін көркем толғайды.

Күйші әжеміздің есімін ұлықтап, ұрпақ есінде қалдыру мақсатындағы шаралары оның туған өлкесінде кеңінен жүргізілуде. Дина әжемізге арналған ескерткіш Атырауда орнатылса, туған жері Жаңақалада көше, мектеп, мұражай Дина әже атымен аталады. Биыл Достық көшесіндегі мәдени-демалыс орталығы алдына күй

өнерінің тарландары Құрманғазы, Мәмен, Дина, Оқап, Қалидің мүсіндері орнатылды.

Қатар тұрған мүсіндерге қарасаң, Жаңақала өлкесі өмірге талай дарынды күйшілерді дүниеге әкелген атырап екеніне көзің жетіп, ерекше толғаныста боласың. Сонымен қатар, Қали атаның басына да мүсін орнатылды.

Жаңақала ауданы әкімдігінің ұйғарымымен "Дина әже ізімен" атты аудандық экспедициялық топ құрылып Көпжасар-Жаңақала-Орал-Атырау-Астрахан-Қызыл Жар-Байбек-Кіші Арал-Алтын Жар-Козлово-Атырау-Алматы-Атырау-Орал-Жаңақала жерлерімен жүріп, тың деректер іздеп-тауып, оларды таныстырып насихаттау шаралары қолға алынған.

Сөйтіп, ХХІ ғасыр күй анасы-дарабоз күйшіге тағзым етті. Дина Кенжеқызы Нұрпейісованың өршіл де сыршыл, сазды да үнді, биязы

да қатты, адамның рухын көтеретін табиғи, тіршілікпен үндес күйлері туған елі барда мәңгілік жасай бермек.

1. Жұбанов А. "Ғасырлар пернесі" Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер.-Алматы: Дайк-Пресс, [2002,-160 б.]

2. // "Жаңарған өңірі" Жаңақала аудандық газеті 1991, - 21 ақпан №24

3. Орынғали Қ. "Дина күйші" жинағы-Алматы. Арыс, [2004.- 17 б.]

4. //Егемен Қазақстан 2011. 4 қазан

5. // "Жаңарған өңірі" Жаңақала аудандық газеті.

* * *

В статье исследуется творчество в искусстве жанра кюй выдающегося казахстанского композитора домбриста Дины Нурпейсовой.

* * *

The article Uteuova Zhenis Kimranovicha isleduetsya about creativity, art genre Kui, an outstanding composer and Kazakhstan Dina Nurpeisova dombra player.

М. Рашатқызы

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚЫНЫҢ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЫРЫМЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ТӘРБИЕСІ

Ықылым заманан бері келе жатқан халықымыздың өзіндік түске ие мәдениетімізде, ғұрып әдетімізде, философиялық ой-қортындыларымыз да мол халықбыз. сонау ертедегі арғы ата-сынан бүгінгі заманға дейін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ырымдарымыздың ішіндегі ең көбі балаларға қатысты ырымдар болмақ. Халықымызда мынадай бір аталы сөз бар « адам өзі мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» демекші. Міне осыдан халықымыздың ұрпақты болуға ерекше мән беретіндігін әрі ерекше бала жанды халық екенін, ұрпақ қамын маңдай алды орынға қойатындығын көріуімізге болады, сол сияқты «бала бақыт», «бала болашақ» сияқты көптеген мақал-мәтелдерімізде бар болса, ал халықымыз бір адамның бақытты бақытсыздығын көбінесе баласының бар-жоқтығы, аз-көптігі, жақсы-жамандығымен өлшеп бағалаған, баланы бақытымыздың құт-берекесі, нышаны деп біледі. Анасының құрағынан бастап дүние есігін ашқанша іштегі нәрестеге және анасына ерекше көңіл бөліп, анасын күтімге алап қасетрлейді. Бала аман-есен дүниеге келіп көзін ашқанша ананы қорлайтын, мазалайтын қылықтарға тыйм салады, мұндай қылықтар құрсақтағы нәрестеге қаратылады, дүниеге келмеген нәрестені қорлайтын сөздер айытсаң онда сен

ұрпақсыз қаласың кұнаға батасың деп ырымдаған. Дүние есігін ашпаған баланың дүниеге келерде аман-сау туылуы үшін әрі кемтар болып қалмауы үшін, халықымызда екіқабат болған әйел заты шашын кеспейді деп ырымдаған. Мұның барлығы іштегі баланың бағы сөнеді деп ырымдаған.

Қазақ халықының сонау көне ырымында екі қабат әйел ұлбала табамын десе, ер адамның қару жарағын, шалбарын, ал қызбала табамын десе қызылала шыт әйел адамның көйлегі, жүзік, сырға, алқа, білезік, моншақ тағы басқа әсемдік бұйымдарды басына жастап жатады. Міне осыдан қазақ халықымыздың балаға деген інкарлығы зор екенін, бала десе түн ұйқысын төріт бөлетінін тағы бір қырынан аңғарамыз. Жаңа түскен келіннің бала көтеріп жерік болғанын сезсе, қайын енесі ағынан жарылып «төсек той» ырымын жасап көршілерінде қуантады. Жиналғандар жас келіннің төсегіне теңге іліп қояды.

Балалармен қатысты ырымдардың ішінде түйемен қатысты болған ырымдарда бар, не үшін дегенде түйе әдетте онекі айда боталап бота туады, жүкті болған әйел түйенің етін жеп шұбатын ішіп жүннен дайындалған киім кесе, жүктілік мезгілі ұзарып кетеді деп ырымдаған.